

Федоров ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 11 шешімі . Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 6290 болып тіркелді

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 8-тармағына сәйкес Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Федоров ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2016 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға т а р а т ы л а д ы .

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Е. Жданова

Б. Бекенов

"Федоров ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы
В. Гринак
1 сәуір 2016 жыл